

Құрметті форумға қатысушылар!

Ең алдымен, баршаңызды алқалы жиынның ашылуымен құттықтаймын! Қадірлі меймандарға осы форумға арнайы келгендері үшін алғыс айтамын. Сіздерді Астана төрінде көргеніме ризамын.

Жаңа ғана форум тақырыбы бойынша өзекті ойлар мен құнды пікірлер айтылды. Алдағы уақытта Үкімет бұл жұмысты міндетті түрде назарда ұстайды. Шын мәнінде, бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша.

Мемлекет пен қоғам тұтастығын нығайту – Қазақстан үшін алдыңғы қатардағы міндеттің бірі. Еліміз тұрақты дамуы үшін халық пен билік ара-



2026 жыл

11 маусым

бейсенбі

№ 22 (473)

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ "ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ІСІНДЕГІ РӨЛІ" АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

сында өзара сенім және келісім болуы керек. Бұл – мызғымас қағида. Бірақ мұндай келісім өздігінен пайда болмайтыны анық. Қоғамдық келісім, бұл – көпқырлы табанды жұмыстың нәтижесі. Сондықтан мен Президент ретінде осы өте өзекті мәселеге баса мән беремін.

Біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыра бастадық. Ашық диалог жүргізу, азаматтардың мұң-мұқтажын ескеріп, арыз-шағымына дер кезінде жауап беру елдегі түбегейлі өзгерістердің өзегі саналады. Осы маңызды жұмысқа биліктің әр деңгейдегі өкілдері, соның ішінде министрлер, әкімдер, депутаттар белсенді түрде қатысуы керек. Бұл – мемлекеттік қызметшілердің конституциялық міндеті.

Соңғы жылдары мемлекетіміз аса ауқымды құқықтық және қоғамдық жаңғыру жолына түсті. Елімізде жаңа саяси мәдениет қалыптаса бастады. Біз өркениетті ел ретінде Заң мен тәртіп қағидатын ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналдыруымыз керек. Барша азаматтарға, әсіресе, жастарға заңды құрметтеу, заңға бағыну қажет екенін қарапайым тілмен жан-жақты түсіндірген жөн. Заңды қадірлеу, тәртіпті қолдау, бұл – әр адамның жарқын өміріне жол ашатын маңызды шарт.

Жалғасы 2-бетте.



■ Әкім және Ел

ТҰРҒЫНДАР ТАЛАПТАРЫ ЕСКЕРІЛДІ

Ағымдағы жылдың 8-маусымында Целиноград ауданының әкімі Дарын Сабырғали Оразақ, Шалқар, Мәнішүк және Жалғызқұдық ауылдарының тұрғындарымен кездесіп, пікірлесті.

Кездесу «Ашық микрофон» форматында өтті. Тұрғындар көкейлеріндегі мәселелерді ортаға салып, талап-тілектерін білдірді. Нақтылап айтқанда, ауылдардың ішкі жолдарын жөндеу, көшелерді жарықтандыру, спорттық инфрақұрылымдарды дамыту, елді мекендерді абаттандыру, коммуналдық қызметтердің сапасын арттыру мәселелері сөз болды.

Аудан әкімі әр адамның ұсыныс пікірлерін мұқият тыңдап, жан-жақты жау-



ап берді. Көтерілген мәселелер бойынша жауапты бөлімдер мен мекемелерге нақтылы тапсырмалар беріліп, олардың орындалуы бақылауға алынатын болады.

«Еститін мемлекет» принципі аясында Мемлекет басшысы айқындаған жұртшылықпен тұрақты түрдегі және ашық диалог аудандық әкімшілік жұмысының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Тұрғындардың ұсыныстары мен талаптары қолданыстағы заң шеңберінде кезең-кезеңімен, мүмкіндігінше қаралатын болады.

Өзара түсіністікпен, бірлесе атқарылған жұмыстар ғана елді мекендердің тұрақты түрде дамуына және ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға кепілдік беретіндігі сөзсіз.

Ел тұрғындарымен әкімнің кездесуі жалғасуда.

Т. САНСЫЗБАЙҰЛЫ.



■ Президент

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ "ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ІСІНДЕГІ РӨЛІ" АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



Жалғасы. Басы 1-ші бетте.

Жалпыұлттық референдумда қабылданған жаңа Конституциямызда осы негізгі қағидат туралы анық жазылды. Қазақстанның Бас құжаты – барша азаматқа тең мүмкіндік беретін әділетті қоғамның мызғымас тұғыры. Адам және оның өмірі – еліміздің Ата заңына арқау болған басты құндылық.

Конституцияда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, заң үстемдігін қамтамасыз ету, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту мемлекеттің басты міндеттері ретінде айқындалды. Түптеп келгенде, жаңа тұрпатты ел болу жолындағы әрбір реформа, ең алдымен, халықтың қалауымен, жұртшылықтың тікелей қолдауымен жасалады. Әрине, мұның барлығы бір сәтте жүзеге аспайтыны белгілі.

Өздеріңізге мәлім, мен 2019 жылы әкімшілік әділеттің жаңа үлгісін қабылдау қажеттігі жөнінде айттым. Бұл азаматтарымызды және кәсіпкерлерді билік өкілдерінің заңсыз әрекеттерінен қорғау үшін жасалған аса маңызды қадам болды. Ал 2021 жылы елімізде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс күшіне енді.

Мемлекет пен қоғам арасындағы байланысқа тың серпін берген «е-Өтініш» онлайн платформа-сы іске қосылды, яғни, азаматтардың өтініштерін мейлінше ашық әрі тиімді қарап, жедел шешім қабылдау тәсілі қалыптасты. Бұдан бөлек, бұл жүйе бюрократиялық кедергілерді азайтуға және жұртшылықтың ой-пікірін ескеруге мол мүмкіндік берді. Осылайша, халық пен билік өкілдерінің қарым-қатынасы мүлде жаңа сипатқа ие болды. Соңғы бес жыл ішінде мемлекеттік органдарға шамамен 16 миллион өтініштің келіп түсуі – соның айқын көрінісі.

Сондай-ақ еліміздегі сот тәжірибесі үшін де бетбұрыс кезеңі басталды. Ашығын айтуымыз керек, бұған дейін азаматтар үшін мемлекеттік органдардың шешімдеріне және әрекеттеріне шағымдану, яғни, өз құқығын қорғау онай болмайтын. Әкімшілік әділет жүйесі іске қосылған соң жағдай түбегейлі өзгерді.

Ең бастысы, күмән тудыратын мәселелердің бәрі әділетті түрде адал азаматтардың пайдасына шешілетін болды. Ал соттар дәлелдеме жинау жұмысына ерекше мән бере бастады. Бұл – мемлекеттік органдар өздерінің шешімдерін және әрекеттерін заң жүзінде дәлелдеуге міндетті деген сөз. Статистикаға қарайтын болсақ, соңғы жылдары сот шешімдерінің жартысынан көбі азаматтар мен бизнестің мүддесіне сай шығарылған. Бұл да әкімшілік әділет жүйесінің нақты нәтижесі екені

сөзсіз. Осылайша, қоғамымыз «судьялар әрдайым билік өкілдерін жақтайды» деген қасаң пікірден арыла бастады.

Әкімшілік істер бойынша сот тәжірибесі мемлекеттік аппарат жұмысының сапасын айқындайтын сынақ болды. Оның нәтижесі сотқа деген сенімнің арта түскенін көрсетті.

Әкімшілік әділет рөлі нығайып келеді.

Кейбір азаматтар соттардың шешіміне наразылықтарын білдіріп, өз үміттері ақталмағандарын алға тартады. Бұл бұған дейін де болған, қазір де кездеседі. Мұндай шағымдардың көбі өкпе-ренішке немесе біржақты пікірге құрылады. Бірақ қандай жағдай болса да мұндай пікірлерді тексеріп, әділ шешім қабылдау керек.

Сондықтан жаңа Конституцияда әкімшілік сот төрелігін сот ісін жүргізудің дербес нысаны ретінде бекітудің маңызы зор. Күн тәртібінде сотқа шағымданудың қасаң моделін сот ісін жүргізу тәуекелдерін стратегиялық басқаруға ауыстыру қарастырылып отыр. Үкімет қазірдің өзінде тиісті ережелерді әзірледі.

Енді орталық және жергілікті деңгейде әкімшілік актілер мен рәсімдердің бірізділігін қамтамасыз ету қажет. Бұрын келіп түскен шағымдар мен өтініштерде қаралған мәселелер қайтадан соттағы дау-дамай нысанасы болмауы керек. Әкімшілік тәжірибенің жүйелілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет. Жария құқықтық сипаттағы дау-дамайды әкімшілік сот төрелігі деңгейіне беру бойынша ауқымды жұмыс атқарылуда. Былтыр бұл қосымша құқықтық-нормативтік актілердің заңдылығын қарайтын істерді қамтыды. Бұған дейін мұндай дау-дамайға қатысты шешім азаматтық іс жүргізу нормаларына сәйкес қабылданып келген.

Осының бәрі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатының нақты іс жүзіндегі көрінісі екені күмәнсіз. Еліміз сот жүйесі және құқық қорғау саласындағы түбегейлі реформалармен қатар ауқымды экономикалық өзгерістерді жүзеге асыруда. Мұның мемлекетіміз үшін маңызы айрықша.

Іскерлік белсенділікті арттыру мақсатында, соның ішінде инвестициялық дауларды шешу үшін қолайлы құқықтық институционалдық орта қалыптасуда. Соның арқасында сот шешімдерінің 80 пайызына жуығы инвесторлардың пайдасына шығарылып жатыр.

Мен отандық және шетелдік инвесторлармен кездесулер кезінде үнемі мына мәселеге айрықша назар аударамын: билік және бизнес өкілдері өзара сындарлы байланыс орнатуы керек, олар өзекті түйткілдерді ашық талқылап, шешу жолдарын бірлесе отырып іздеуі қажет.

Билікте отырған лауазымды тұлғаларға тапсырмам: әр даулы жағдайда мәмілеге келетін жолды іздеу керек, бірақ бұл жол заңнама жүйесіне нұқсан келтірмеуі қажет. Басқа сөзбен айтқанда, әр келісімнің заңдық шектеуі болуға тиіс. Атап айту керек, кассациялық соттарды құру бастамасы дәл осындай жиынның бірінде көтерілген болатын.

Инвестиция тартудың тағы бір маңызды факторы бар. Астана халықаралық қаржы орталығында Сот пен Арбитраж орталығы ағылшын құқығы қағидаттарына сай жұмыс істейді. Елімізде Үкімет жанынан Инвестициялық штаб құрылған. Аталған штаб соңғы уақытта инвестициялық жобаларға қатысты түйткілді мәселелерді жедел шешу арқылы өзінің тиімділігін көрсетті.

Сонымен қатар Президент Жарлығымен Бас Прокуратурада Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті құрылды. Біз іскерлік және инвестициялық ахуалды жақсартуға барынша мүдделі мемлекет ретінде осы саладағы жұмысты айрықша назарда ұстаймыз. Қазір Қазақстан шетел инвестициясын тарту көрсеткіші бойынша біздің аймақта көш бастап тұр.

Бірақ босансуға болмайды. Табанды жұмыс істеп, бұдан да биік белестерге ұмтылуымыз керек. Бұған еліміздің әлеуеті толық жетеді. Атап айтқанда, жаңа Конституцияға мемлекетіміздің инвестициялық қуатын күшейтуге арналған нақты нормалар қосылды. Соның ішінде қаржы саласына және «қарқынды дамитын қалаларға» арнаулы құқықтық режим енгізу туралы шешім қабылданды.

Баршаңызға мәлім, мен жақында «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» конституциялық заңға қол қойдым. Бұл маңызды құжатта «ақылды қалаға» тән дербес экожүйе қалыптастырудың құқықтық негізі бекітілді.

Арнайы құқықтық режим мемлекеттік басқару мүмкіндіктерін кеңейтуді, соның ішінде сот жүйесінің ерекше жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Алдыңғы қатарлы реттеу құралдары үздік әлемдік тәжірибені енгізуге, озық инновациялық шешімдерді сынақтан өткізуге және осы бірегей жобаны жүзеге асыру үшін барлық қажетті жағдайды жасауға мүмкіндік береді. Біздің басты мақсатымыз – Алатау қаласын болашақтың цифрлық агломерациясына, жаңа технологияларды тарту орталығына айналдыру. Мемлекет бизнес өкілдерімен ашық, өзара тиімді ынтымақтастыққа дайын.

Біз Заң мен тәртіпке бағынатын, баршаға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құру үшін ауқымды жұмыс атқарып жатырмыз. Сондықтан сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге баса мән беріп отырмыз.

Бірінші шілдеде еліміздің жаңа Конституциясы күшіне енеді. Осылайша, Қазақстан өз дамуының шешуші кезеңіне қадам басады. Мен бүгін бес конституциялық заңға қол қойдым. Бұл – жаңа Конституцияға сәйкес мемлекеттік басқару жүйесі «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы негізінде түбегейлі жаңғырады деген сөз. Осы құқықтық реформалар елімізде жасалып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге де тың серпін бермек.

Сөз соңында Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті әзірлеуге және оның нормаларын жүзеге асыруға атсалысқан барша азаматқа шынайы ризашылығымды білдіремін. Бүгінгі басқосуда әкімшілік әділет институтын нығайтуға қатысты маңызды ойлар мен ұтымды ұсыныстар айтылады деп сенемін. Сондай-ақ мен бүгін Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына және еліміздің заңнамасын жетілдіруге елеулі үлес қосқан бір топ азаматқа мемлекеттік награда беру туралы шешім қабылдадым. Баршаңызға құтты болсын деймін.

Akorda.kz



ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР БАС ҚОСТЫ

«JASYL EL» жастар еңбек жасақтарының XXII жазғы еңбек маусымының салтанатты ашылу рәсімі жоғары деңгейде ұйымдастырылды



Целиноград ауданында жаз маусымы жастардың жігерін, еңбегін және туған өлкеге деген сүйіспеншілігін дәріптейтін жарқын әрі маңызды оқиғамен басталды.

Бұл шара жаңа еңбек маусымының ресми басталуы ғана емес, жастардың бірлігі мен белсенділігін, патриоттық рухын және еңбекке деген құрметін айшықтайтын үлкен мерекеге айналды. Мұнда туған жерінің көркеюіне өз үлесін қосуға дайын, ел болашағына бейжай қарамайтын жалынды жастар бас қосты.

Салтанатты іс-шараға Целиноград ауданының әкімі Дарын Сабырғалиұлы, «JASYL EL» республикалық штабының өкілдері, жастар ұйымдарының белсенділері, еріктілер, қоғам қайраткерлері және аудан тұрғындары қатысты. Шараның алғашқы сәтінен-ақ қатысушылардың ортақ мақсат пен туған жер тағдырына деген жауапкершілік сезімі ерекше байқалды.

Іс-шараны ұйымдастырған аудандық Жастар ресурстық орталығының өкілдері өз сөздерінде «JASYL EL» жобасының еліміздің жастар саясатының ажырамас бөлігіне айналғанын атап өтті. Бұл жоба мыңдаған жас үшін алғашқы еңбек мектебі болып саналады. Осында олар жауапкершілік, еңбекқорлық, қоршаған ортаға жанашырлық және Отанға деген сүйіспеншілік секілді маңызды құндылықтарды бойына сіңіреді.

Бүгінде Қазақстанда «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасы қарқынды жүзеге асырылып жатқан кезеңде «JASYL EL» сарбаздарының қызметі ерекше маңызға ие болып отыр. Елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру, экологиялық акциялар өткізу және қоғамдық бастамаларды қолдау арқылы жастар оң өзгерістердің қозғаушы күшіне айналууда.

Мерекелік бағдарламаның маңызды бөлігінің бірі – марапаттау рәсімі болды. Ауданның қоғамдық өміріне белсенді араласып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және еріктілер қозғалысын дамытуға елеулі үлес қосқан ұжымдар мен белсенді азаматтар аудан әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды. Бұл марапаттар олардың күнделікті еңбегіне, қоғамға деген жанашырлығы мен адал қызметіне көрсетілген жоғары құрметтің белгісі екендігін айта кету керек.

Сонымен қатар, «JASYL EL» республикалық штабы атынан қозғалыстың белсенді қатысушылары марапатталды. Экологиялық жобалар мен қоғамдық жұмыстарда ерекше көзге түскен жастарға арнайы марапаттар мен алғыс сөздер табысталды. Олардың жетістіктері өзгелерге үлгі болып, белсенді азаматтық ұстанымның әрдайым қолдау мен құрметке ие болатынын көрсетті.

Іс-шараның ерекше әрі әсерлі сәттерінің бірі – Целиноград аудандық штабы сарбазының жаңа еңбек маусымына арналған үндеуі болды.

Оның сөзінен жастарға деген сенім, қоғам игілігі үшін еңбек етуге деген ұмтылыс және туған өлкенің табиғи байлығын болашақ ұрпақ үшін сақтау жауапкершілігі анық сезілді. Мұндай үндеулер әрбір экологиялық жобаның артында үлкен жүректі, туған жеріне жанашыр азаматтардың тұрғанын еске салады.

Кештің шырайын Қазақстан эстрадасының жас әрі таныл-мал әншісі Илияс Қабдырайдың концерттік бағдарламасы аша түсті. Оның орындауындағы әсерлі әндер көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, мерекелік кештің ажарын арттырды. Әнші мен көрермен арасындағы жылы қарым-қатынас пен ерекше атмосфера бұл күнді қатысушылардың жадында ұзақ сақталатын жарқын естелікке айналдырды.

Дегенмен, бұл кештің басты құндылығы марапаттар мен концерттік бағдарламалар емес, туған жер тағдырына бейжай қарамайтын, белсенді, білімді әрі мақсатшыл жастар болды. Дәл осындай жастар бүгінгі Қазақстанның келбетін қалыптастырып келеді. Олар өзгерісті күтпейді, керісінше өздері өзгерістің бастамашысы болып, өз ауылдары мен қалаларының дамуына үлес қосып, қоршаған ортаны қорғауға ат салысып жүр.

Жиырма екі жылдық тарихында «JASYL EL» қозғалысы өзінің өміршендігі мен маңыздылығын толық дәлелдеді. Көптеген жастар үшін бұл жоба алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтайтын, көшбасшылық қасиеттерін дамытатын және туған жер алдындағы жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік беретін үлкен өмір мектебіне айналды. Мұнда жастар ұжыммен жұмыс істеуді, еңбекті құрметтеуді және кез келген игі істің қоғам үшін маңызды екенін түсінеді.

Целиноград ауданындағы «JASYL EL» жастар еңбек жасақтарының XXII жазғы еңбек маусымының ашылуы жастардың қоғамдағы маңызды рөлін тағы бір мәрте айқындап берді. Олардың жігері, бастамашылдығы мен елге қызмет етуге деген ұмтылысы ауданның әрі қарай дамуының берік негізі болып табылады.

Алда сарбаздары жаңа жобалар, экологиялық акциялар, пайдалы бастамалар мен еңбекке толы күндер күтіп тұр. Сондықтан биылғы маусым әрбір қатысушы үшін жаңа жетістіктердің, жарқын әсерлердің және туған өлкеге қосқан үлесі үшін мақтаныш сезімінің кезеңіне айналары сөзсіз.

Жазғы еңбек маусымы барлық сарбаздарға табыс, толағай жетістік пен ұмытылмас естеліктер сыйласын. Себебі Отанға деген сүйіспеншілік туған жерге қамқорлық жасаудан басталады, ал елдің жарқын болашағы белсенді әрі еңбекқор жастардың қолымен қалыптасады.

**Әлия ХАСЕНОВА,
Жастар орталығының маманы.
Ақмол.**

■ Эзекті

Қазіргі таңда қоғам алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – жастарды деструктивті діни ағымдар мен экстремистік идеологиялардың ықпалынан қорғау. Бұл бағыттағы жұмыста мемлекеттік органдармен қатар отбасының да рөлі айрықша. Өйткені отбасы – тұлғаның дүниетанымы қалыптасатын, рухани және адамгершілік құндылықтар бойына сіңірілетін алғашқы әлеуметтік орта.

БЕРІК ОТБАСЫ — ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Діни экстремизм мен радикализм қоғамның тұрақтылығына, азаматтардың қауіпсіздігіне және ұлт бірлігіне қауіп төндіретін факторлардың бірі болып табылады. Мұндай теріс идеологиялардың алдын алу ең алдымен отбасы тәрбиесінен басталады. Себебі бала қоршаған ортаға деген көзқарасын, мінез-құлқын, өмірлік ұстанымдарын отбасында қалыптастырады.

Бүгінгі таңда интернет пен әлеуметтік желілердің кеңінен таралуы жастардың түрлі ақпарат көздеріне еркін қол жеткізуіне мүмкіндік беріп отыр. Алайда ақпарат кеңістігінде діни құндылықтарды бұрмалап түсіндіретін, қоғамға жат көзқарастарды насихаттайтын материалдар да кездеседі. Сондықтан ата-аналардың балаларының ақпараттық сауаттылығына көңіл бөліп, олармен тұрақты түрде ашық әңгімелесуі аса маңызды.

Отбасындағы өзара сенім мен сыйластық баланың сыртқы теріс ықпалдарға қарсы тұра алу қабілетін күшейтеді. Баланың ой-пікірімен санасу, оның сұрақтарына жауап беру және өмірлік қиындықтарды бірге талқылау – жат идеологиялардың ықпалына түсу қаупін азайтатын маңызды факторлар. Ата-ананың бала өміріне бей-жай қарамауы, оның ортасын білуі және рухани дамуына көңіл бөлуі қауіптің алдын алуға ықпал етеді.

Сонымен қатар діни сауаттылық мәселесіне ерекше назар аудару қажет. Діннің шынайы мәнін түсіну, оның бейбітшілікке, мейірімділікке және адамгершілікке негізделгенін білу жастардың түрлі радикалды идеяларға сыни тұрғыдан қарауына мүмкіндік береді. Осы ретте дәстүрлі құндылықтарды, ұлттық салт-

дәстүрлерді және қазақстандық қоғамның бірлік пен келісім қағидаттарын дәріптеудің маңызы зор.

Қазақстан Республикасында да конфессияаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылық мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Бұл құндылықтарды сақтау әрбір азаматтың, әрбір отбасының ортақ міндеті. Отбасында патриотизмді, заңға деген құрметті, жауапкершілік пен толеранттылықты қалыптастыру арқылы қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақтылығын нығайтуға болады.

Қорытындылай келе айтарымыз отбасы – діни экстремизм мен радикализмнің алдын алудағы ең маңызды қорғаныс тетігі. Берік отбасы құндылықтары, сапалы тәрбие, рухани байлық пен діни сауаттылық жастардың теріс идеологияларға қарсы иммунитетін қалыптастырады. Сондықтан әрбір ата-ана бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарап, оның бойына адамгершілік, ізгілік және отансүйгіштік қасиеттерді сіңіруге күш салуы қажет.

Ақмола облысында да деструктивті діни ағымдардың алдын алу, халықтың діни сауаттылығын арттыру және конфессияаралық келісімді нығайту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Бұл бағыттағы іс-шаралардың нәтижелі болуы отбасы институтының беріктігіне және қоғамның ортақ жауапкершілігіне тікелей байланысты.

**М. САЙРАН,
Ақмола облысы Дін істері басқармасының
«Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы»
Мониторинг және қарсы насихат бөлімінің басшысы.**

■ Мамандар кеңесі

МҰРАҒАТТАН МӘЛІМЕТ АЛЫҢЫЗ...

Әрбір адам қайда оқығандығы, қай жерде жұмыс істегендігі, нақты тұрғылықты мекен жайы туралы және т.б. мәселелерге байланысты деректерді растау үшін мәліметтер іздейді. Жастары шау тарта бастағанда олар зейнеткерлікке шығу туралы ойланады.

Дәл осы кезде: «Зейнетке шығу үшін құжаттарымының барлығы түгел ме?», «Еңбек кітапшамда жазбалар жазылған ба?», «Ондағы жазылған аты-жөнім төл құжатымдағымен сәйкес келе ме?» деген тұрғыда сұрақтар туындай бастайды. Осындай сауалдарға дәйекті түрде жауап алу үшін азаматтар алғашқы құжаттар сақталған архив қорына жүгінеді.

Қазіргі заманға сай Электронды Үкімет Порталы арқылы азаматтардың архивтік анықтамаларды үйден шықпай-ақ онлайн жүйесінде алуға мүмкіндіктері бар. Ол үшін азаматтың электронды цифрлы кілті болуы қажет, ол кілтті Халыққа қызмет көрсету орталықтарынан алуға болады. Электронды Үкімет Порталы арқылы

еңбек өтілін растау және жалақы туралы анықтама алу үшін мемлекеттік архивке өзіңіз жұмыс істеген кездегі толық аты жөніңіз, мекеменің орналасқан орны, кәсіпорынның толық атауы, жұмыс істеген жылдары көрсетілген арызды (мүмкіндік болса бұйрықтың нөмірі және күні, жылы) және еңбек кітапшасының көшірмесін бірге жібересіз.

Аталған қызметтің артықшылығы – қағазбастылық аз, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға ыңғайлы. Сондай-ақ, кезек те жоқ, уақыт та үнемделеді және тәулігіне 24 сағат бойы аптаның 7 күнінде бірдей өтініш жібере аласыз. Сонымен қатар аптаның әр сәрсенбісі күні Целиноград ауданының мемлекеттік архиві «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелері немесе архивтік үзінді көшірмелер беру» мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша акциялар өткізеді, онда архивтік анықтаманы алу бойынша тегін кеңес беріледі.

**Айжан АЛПЫСБЕКОВА,
аудандық мемлекеттік архивінің
архивісі.**

ШАТТЫҚ СЫЙЛАҒАН ШУАҚТЫ МЕРЕКЕ



Жуырда Целиноград аудандық спорт кешенінде Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған ерекше спорттық мереке өтті.

Бұл күні спорт алаңы шат-шадыман күлкіге, көтеріңкі көңіл-күйге бөленді. Мерекенің басты кейіпкерлері ерекше қажеттіліктері бар балалар мен олардың ата-аналары болды. Олар үшін бұл күн жарқын әсерлер мен қуанышты сәттерге толы ұмытылмас мерекеге айналғаны сөзсіз.

Аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас-тамасымен «БІЗ БІРГЕМІЗ» атты спорттық эстафета мен №11 психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің тәрбиеленушілері және «Батыр» қоғамдық бірлестігінің қатысуымен спартакиада ұйымдастырылды. Іс-шара балаларды, ата-аналарды, педагогтарды, қоғам белсенділерін және жергілікті билік өкілдерін әрбір балаға тең мүмкіндік жасау жолындағы ортақ мақсат төңірегіне топтастырды.

Қатысушылар түрлі спорттық сайыстарда бақ сынап, эстафеталық жарыстарға қатысты, ептіліктерін, төзімділіктерін, батылдықтарын және жеңіске деген ұмтылыстарын көрсетті. «Ата-ана мен бала» форматында өткен жарыстар спорттық қабілеттерді шыңдап қана қоймай, сенім мен өзара түсіністікке негізделген отбасылық құндылықтарды нығайтуға мүмкіндік берді.

Ата-аналар, педагогтар мен жанкүйерлердің қолдаулары да ерекше болды. Бұл күні жеңілгендер болған жоқ. Әрбір бала өзінің табандылығының, батылдығының және алға ұмтылысының арқасында жеңімпаз атанды.

Спартакиада қорытындысы бойынша «Батырлар» командасы бірінші орынды иеленді. Дегенмен, жеңімпаздарды анықтау қазылар алқасы үшін оңай болған жоқ. Себебі, барлық командалар жоғары дайындық деңгейін, ұйымшылдықты және жеңіске деген жігерін көрсетті. Іс-шараның басты жетістігі жүлделер мен марапаттар емес, балалардың шат күлкісі, жана

таныстықтар, достық пен ынтымақ атмосферасы және олардың өз күшіне деген сенімінің артуы болды.

Мерекеге Целиноград аудандық мәслихатының депутаты, «Болашақ» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрағасы А.Ш. Қапанов және осы жолдардың авторы қатысты.

Балаларға арналған сыйлықтар мерекенің ең әсерлі сәттерінің бірі болды. Аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі барлық қатысушыларға дипломдар мен естелік сыйлықтар табыстады. Ал аудандық мәслихат депутаты А.Ш. Қапановтың «KIND BURG» ойын-сауық орталығына сыйлаған сертификаттары балаларға ерекше қуаныш сыйлап, мерекенің көркін аша түсті.

«Батыр» қоғамдық бірлестігінің қолдауымен әр балаға тәтті сыйлықтар таратылды. Осындай ізгі істер мерекені шынайы әсерге бөлеп, балалардың жүрегінде жарқын естеліктер қалдырды.

Қатысушылардың талпынысын бағалау оңай болған жоқ, өйткені олардың әрқайсысы табандылық, мақсаткерлік, шынайылық және жеңіске деген құлшыныс көрсетті.

Халықаралық Балаларды қорғау күні бізге тағы бір мәрте өскелең ұрпаққа қамқорлық жасау – қоғамның ортақ міндеті екенін еске салды. Әрбір бала өмірлік жағдайына қарамастан сүйіспеншілікке, қамқорлыққа, құрметке және өз қабілеттерін дамыту мүмкіндігіне әбден лайық.

Іс-шараны ұйымдастырған «Батыр» қоғамдық бірлестігіне, түзету кабинеті ұжымына, аудандық дене шынықтыру және спорт бөліміне, сондай-ақ осы мерекенің жоғары деңгейде өтуіне үлес қосқан барлық жандарға шынайы алғысымызды білдіреміз.

Әлия ХАСЕНОВА,

аудан әкімінің мүгедектігі бар адамдар мәселелері жөніндегі кеңесшісі.

Ақмол.

■ **Тұрғындар назарына!**

КӨКТЕМГІ АҢШЫЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2026 жылғы Ақмола облысындағы бекітілген аңшылық алқаптарда үйректің аталықтарын (Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген түрлерден басқа) және қырмандағы құрлардың аталықтарын аулауға арналған көктемгі аңшылық екі кезеңде өткізілді:

2026 жылғы 11 сәуір мен 25 сәуір аралығында Шортанды, Астрахан, Целиноград, Ерейментау, Егіндікөл, Қорғалжын, Жаксы, Жарқайың, Есіл, Атбасар және Аршалы аудандарының аумақтарында өтті.

2026 жылғы 18 сәуір мен 2 мамыр аралығында Сандықтау, Зеренді, Бурабай, Біржан сал, Ақкөл және Бұланды аудандарының аумақтарында, сондай-ақ екі ауданның аумағында орналасуына байланысты «Селетинское» аңшылық шаруашылығының аумағында. 15 күн мерзімге өткізілді.

Жыл басынан бері инспекция қызметкерлері аңшылық бойынша 111 рейд жүргізді. Нәтижесінде 23 құқық бұзушылық анықталып, жалпы сомасы 54,0 мың теңге көлемінде айыппұл салынды. Жануарлар дүниесіне келтірілген залал 580,0 мың теңгені құрады. Құқық бұзушылардан 2 дана тегіс ұңғылы аңшылық қару тәркіленіп алынды. Аңшылық саласы бойынша 6 материал құқық қорғау органдарына жолданды.

Биылғы көктемде полиция қызметкерлері жол бойында автокөліктерді тоқтатып, оның жүк салғышынан қызылжемсаулы қазды (қызылжемсаулы қарашақаз) анықтады. Құқық қорғау органдары Қызыл кітапқа енгізілген құсты тасымалдау фактісі бойынша қылмыстық іс қозғады.

Табиғатқа ұқыпты қарауларыңызды, аңшылық қағидалары мен өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауларыңызды сұраймыз.

Д. АХМЕТОВ,
жануарлар дүниесі бөлімінің
бас маманы.

Хабарландыру

«Қоянды тазалық» жеке кәсіпкері «тұрмыстық қатты қалдықтарды механикалық және қолмен сұрыптау кешенін (КТК) салу және пайдалану» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр.

Тыңдау 2026 жылғы 07 тамызда сағат 15:00-де Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қоянды ауылы, Әл-Фараби көшесі, 1. «Қоянды ауылы, №1 жалпы білім беретін мектеп» (ақт залы) мекенжайы бойынша өтеді.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Онлайн режимде қоғамдық тыңдауларға қосылуға сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/j/89687346516?pwd=hn5utUquQ4Vqh673raD5oIF0G9geq9.1>

Конференция идентификаторы: 896 8734 6516. Кіру коды: 0tRHZ1. Онлайн-режимде қоғамдық тыңдауларға қосылуға сілтемені келесі электрондық пошта бойынша сұратуға болады: aikyn1117@gmail.com.

Белгіленген қызмет басамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «Қоянды тазалығы» ЖК, зан мекен-жайы: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қоянды ауылы, Иманов көшесі 40. Тапсырыс берушінің ескертулер мен ұсыныстар қабылдайтын интернет-ресурсының немесе электрондық поштасының мекенжайы: koyandy.tazalyk@mail.ru.

Құжаттаманы әзірлеуші: «Нұрахмет А.А.» ЖК, +77059991988, aikyn1117@gmail.com.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда (<https://ndbecology.gov.kz>) танысуға болады.

Жобаларға қатысты қосымша ақпаратты эл. мекен жайы арқылы алуға болады aikyn1117@gmail.com, тел. +7 7059991988.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ «Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Мекен-жайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі 89, эл. мекен жайы бойынша: upr.expertiza@mail.ru, тел. 8(7162) 40-28-07 қабылданады.

■ **Табиғатты аялайық!**

ОРМАНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ТУРАЛЫ

1. Негізгі қауіптер

Орман өрттерінің 90%-ы адамның салғырттығынан болады: сөндірілмеген от, лақтырылған темекі тұқылы, құрғақ шөпті өртеу. Жел күшейгенде от 5-10 минутта 1 км-ге тарап кетуі мүмкін.

2. Өрт қауіпті кезең

Қазақстанда ең қауіпті кезең — мамырдан қыркүйекке дейін. Бұл кезде ауа құрғақ, топырақ пен жапырақ тез тұтанады. Мемлекеттік орман қорына кіруге уақытша тыйым салынады.

3. Орманда жүргенде сақталатын ережелер

- От жағуға болмайды: тек арнайы бөлінген орында, жерді тазартып, оттың айналасын топырақпен қоршаған соң.

- Кетерде отты толық сөндіру: су құйып, күл суып кеткенше араластыру керек. Қолыңмен ұстағанда ыстық болмауы тиіс.

- Темекі тұқылын лақтырмау: оны міндетті түрде топыраққа басып сөндіру керек.

- Шыны ыдысты тастамау: күн сәулесі шыныдан өтіп

линзадай жұмыс істеп, от тұтатуы мүмкін.

4. Өрт байқасаң не істеу керек

1. 101 немесе 112 нөміріне қоңырау шал. Орналасқан жерінді, өрттің көлемін, жел бағытын айт.

2. Кішкентай өртті бұтақпен, топырақпен, сумен сөндіруге тырыс.

3. Егер от тез таралып жатса, дереу желге қарсы қашып, ашық алаңға шық. Түтіннен қорғану үшін бетті дымқыл шүберекпен жап.

5. Жауапкершілік

ҚР Әкімшілік кодексі 336-бабы бойынша орманда от жағу ережесін бұзсаң 20 АЕК-ке дейін айыппұл. Егер ірі өрт шықса, Қылмыстық кодекстің 204-бабы бойынша 3 жылға дейін бостандығынан айыру қарастырылған.

Қорытынды: Орман өртінің алдын алу оңай, ал сөндіру өте қиын және қымбат. Бір сәттік салғырттық жүздеген гектар орманды жойып жібереді.

Е. ӨТЕБАЕВ,

РГП «Жасыл аймақ», Батыс орман шаруашылығының шебері.

Esil-Nura

Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ

Меншік иесі:
«Перне» ЖШС
(Ақмола облысы
Целиноград
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
«Астана Интер-Трейдинг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Күзегіні 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 111.
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға - берген кісілер жауапты.



Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537

e-mail: vestiakmola@mail.ru

Сайт: vestiakmola.kz

